

6. Жалмухаммед Т. Общество ждет омбудсмена: в Республике Казахстан создан новый правозащитный институт // Юридическая газета. – 2013. – №3. – С.3.

*Сейдиллаев Д.*

*Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті заң факультеті*

*1-ші курс студенті*

*(Ғылыми жетекшісі – з.ғ.м., аға оқытушы Байжанова К.Т.)*

## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ АЗАМАТТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Қазақстан Республикасында әлемнің өзге мемлекеттері тәріздес қазіргі күні заң нормаларын білмеу, сол себептен оны бұзу азаматты ешқандай жауапкершіліктен босатпайды. Көп жағдайда құқық бұзушылықтар құқықтық сауаттылықтың төменділігіне байланысты туындайды. Қоғам мүшелерін құқықтық тұрғыдан тәрбиелеу, құқықтық білімді қалыптастыру және оны әрбір азаматтың қолданыстағы құқықтық құралына айналдыру мәселелеріне қатысты пікірімізді білдіре кетуді жөн санап отырмыз.

Құқықтық сана, құқықтық психология, құқықтық идеология, құқықтық мәдениет іспеттес терминдер бір-бірімен тығыз байланысты. Құқықтық сана – адамдардың әрекеттегі құқыққа, оларды қолдануға, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына және қалаулы құқыққа қатынасын көрсететін көзқарастарының, сезімдерінің және көңіл-күйлерінің, бағаларының жиынтығы. Құқықтық сана идеалды, тікелей көрінбейтін құбылыс. Ол қоғамдық сананың үлгісі болып табылады. Құқықтық сана адамдардың жаңа қабылданған заңдарға, нормативті акт жобаларына деген жағымды немесе жағымсыз қатынасын білдіреді [1]. Құқықтық логика – адамдардың жалпы өз құқықтарын, яки өз міндеттерін, мүмкіндіктерін заң аясында түсініп, толыққанды санаға сіңіре алу қабілеті. Құқықтық логика аса танымды термин болмағанымен, құқықтық сауаттылықтың дамуына үлкен үлес қосатын сана аспектісі. Құқықтық логика заңгерлерде, заң ғалымдарында дамыған, ал қалған азаматтардың, өкінішке орай көпшілігінде жеткілікті жетілмеген.

Қоғамның құқықтық өміріне жағымды немесе жағымсыз әсерді әділ бағалау, қоғамдағы құқықтық сананың болмысын көрсетеді. Егер өз еліміздің және батыс елдерінің азаматтарының құқықтық сауаттылығы мен оны қалыптастыру санатын қарастыратын болсақ, батыс елдері бұл тұста ұтымды әрекет етуде. Оған себеп жастайынан балаға балабақшада, мектепте және тағы да басқа азаматтық институттарда сауаттылықтың негіздерін бірден қалыптастыру іске асырылуда, кез келген мәселеге адам құқығы тұрғысынан келеді. Ал, біздің посткеңестік елдерде мәселеге мемлекеттік мүдде тұрғысынан қарайды. Мәселен, АҚШ-та заңгерлер саны бізден әлдеқайда көп. Алайда, олар біздегідей прокурор, сот, тергеуші болайын деп емес, «өзім үшін» деген мақсатта үйренеді. Ол жақта адамдардың өздері құқықтарын білуге мүдделі, оған өмірін өзгертетін фактор ретінде қарайды. Оның үстіне бұған құқықтық менталитет те өз әсерін береді. Заңның жағымды әрекетін көріп, түсіне өскен азамат, құқық бұзушылықтар санын азайтып, нигилизм деңгейін төмендетуге мүдделі болады. Құқықтық сана, құқықтық мәдениет және құқықтық менталитеттің өзара тиімді әрекеттесуі жағдайында ғана толыққанды құқықтық санасы жоғары азаматтық тұлғаны қалыптастыруға болады деп есептейміз [2].

Қажетті құқықтық сауаттылық деңгейі адамның жеке жағдайына, кәсібі мен мүдделеріне байланысты өзгеруі мүмкін, бірақ әрбір адам елдің құқықтық өміріне дұрыс қатыса алуы үшін негізгі түсінік барлығына ортақ болуы керек. Құқықтық мәдениет экономикалық және әлеуметтік тұрақтылық секілді неғұрлым стратегиялық басымдылыққа ие бағыттарда көрініс табады. Кеңес зерттеушілерінің атап өткендей, жүйелік тәсілдің сөзсіз артықшылығы бар: ол элементтерді біртұтас жүйеге біріктіре отырып, осының нәтижесінде пайда болатын интегративті қасиеттерді анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл тәсіл элементтерді

«бекітілген байланыстар жиынтығы» ретінде қарастыруға негіз жасайды. Осыған қоса, білім беру ортасындағы адам құқықтарын нормативтік-құқықтық қамтамасыз етуді қалыптастыруға ықпал етеді. Білім беру жүйесіндегі нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру қажеттілігі Қазақстан Республикасындағы білім беру саласының дамуымен, болжау үдерістерімен, сондай-ақ саяси және әлеуметтік-экономикалық жағдайлармен тікелей байланысты айқындалады. Ғ.С.Сапарғалиев оқушылардың: «Құқықтық және құқықтық қабілеттіліктің мазмұны олардың мақсатына байланысты анықталуы керек» – деп түйіндейді [3].

Қазақстан қазіргі уақытта құқықтық сауаттылық деңгейін қамтитын заң үстемдігі бойынша әлемдегі 142 елдің ішінде 65-орында тұр. Бұл көрсеткіш бірнеше жыл бойы өзгермеген және «World Justice Project» ұйымының зерттеулеріне негізделген. Сонымен қатар, Қазақстанның қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздік бойынша рейтингі 43-ші орында екені атап өтілген [4]. 2024 жылғы 23 қазанда World Justice Project есебі жарияланды. Ол Қазақстанның заң үстемдігін нығайтқанын көрсетті. Қазақстан өз көрсеткішін 0,53-тен 0,54 баллға дейін жақсартты [5]. Демек, құқықтық тәртіпті нығайту және құқықтық жүйенің тиімділігін арттыру бойынша іс-шаралардың жағымды нәтижесі байқалады. Алайда, бұл тек орташа деңгей ретінде қарастырылады. Демек, әлі де атқарылатын жұмыстар легі баршылық.

Құқықтық сауаттылықты одан әрі дамыту үшін елде құқықтық мәдениетті нығайтуға бағытталған түрлі шаралар қолға алынуда. Бұл мәселе үздіксіз жұмыс пен халықтың қатысуын талап ететін ұзақ мерзімді процесс ретінде бағаланады. Алайда, оған белсенді атсалысатын жас азаматтарды сирек кездестіреміз. Кей тұста жастардың қоғамдық-саяси өмірге бейжай қарауы мен құқықты үйренуге «Маған үйренуге тым ерте, есейе келе түсініп аламын» деген көзқарасы кері әсерін береді.

Қазақстанда түрлі бағдарламаларды жастар ұйымына арнайы бағыттау керек. Сонда жастар қоғамдық өмірдің өздеріне қатысты мәселелеріне тиісті бағдарламаларға қызығушылықпен қарайтын болады. Әрбір сауатты тұлға басқа адамдарды құқықтық тәрбиеге итермелеуші болады. Азаматтардың құқықтық сауаттылық деңгейін арттыруға қажетті уақытты бағалау үшін құқықтық білім берудің қазіргі жағдайына, бастамалар мен бағдарламалардың қолжетімділігіне, сондай-ақ көптеген басқа айнымалылар мен көрсеткіштерге талдау жасау қажет болады.

Жеке адам қажеттілігі мен қабілетіне сәйкес білім алу құқығы - бұл адам мен азаматтың негізгі конституциялық (Қазақстан Республикасының Конституциясы 30-бап) құқықтары ретінде танылады [6]. Әр тұлғаның жеке ментальдық ерекшеліктерін қарастыру, олардың ортақ қалыптасқан құндылықтар жүйесін ескере отырып, кешенді түрде қарастырылу қажет.

Құқықтық менталитет құбылысын және оның құқықтық нигилизммен байланысын зерттеудің қажеттілігі қазақстандық қоғамдағы құқықтық мәдениетті және құқықтық сананы жаңа деңгейге көтеруде маңызды рөл атқаратындығымен негізделеді. Құқықтық нигилизм заңның билігі мен үстемдігін қамтамасыз етудегі мемлекет пен қоғам тарапынан жасалып жатқан талпыныстар мен қадамдардың әсерін жоққа шығарады. Құқықтық менталитет – белгілі бір ұлттың, қоғамның мемлекетке, құқықтық шынайылыққа деген қарым-қатынасын көрсететін тарихи қалыптасқан дүниетанымдық идеялар жүйесі. Құқықтық сана, құқықтық мәдениет және құқықтық менталитеттің өзара тиімді әрекеттесуі жағдайында ғана жоғары құқықтық санасы бар тұлғаны қалыптастыру туралы айтуға болады [7].

Қоғамдағы құқықтық сананың жағдайына қарап, белгілі бір мемлекеттің қалыптасу немесе даму деңгейі туралы тұжырым жасауға болады. Құқықтық нормаларды жүзеге асырудың тиімділігі азаматтардың құқықтық санасының деңгейіне тікелей байланысты.

Келер жас ұрпақты жастайынан сауаттылыққа, өз мүмкіндіктері мен міндеттеріне үйрете өсіріп, оны тек дамытып отыратын ортаға бейімдеу, адамды жоғары сауатты етіп жетілдіреді. Осыған сай құқықтық сауаттылыққа үйретуді ерте жастан бастау керектігін байқауға болады. Ол нақты құқықтан емес, тәрбие негізінде түсіндірілетіні белгілі. Уақыт өте келе мектепте арнайы кәсіби оқыту, полиция қызметкерлерімен көптеген жұмыс жасау, психологтар арасында өндірістік оқытуды күшейту дұрыс жолға қойылса, орынды болушы еді. Өндірістік

оқыту – білім беру ұйымдарының және (немесе) кәсіпорындардың (ұйымдардың) базасында білім алушылардың теориялық білім алуына, практикалық машықтануына бағытталған оқыту [8]. Жетілер уақытында мемлекеттік қызметкерлердің әрекетін көріп білсе, болашақта оларға деген сенімсіздік төмендейді.

Мектеп бітірген немесе кәмілетке толған адамдардың құқықтық сауаттылығын дамыту процесі өте кең тұрғыдан жүргізілуі тиіс. Оған бір мысал, сот процесінде ашықтықты көбейту. Бүгінгі таңда сот процесі әдетте сот залында, азаматтық қоғамның назарынан тыс өткізілетіндіктен, халықтың хабардарлық деңгейі төмен болады. Сот процесін жиі ашық түрде өткізу, мысалы, Бишимбаев процесі секілді азаматтардың құқық қорғау органдарының әрекетінің ашықтығына және жариялылығына сендіреді, өз құқықтарын заң мен сот алдында толық қорғау құқығын кепілдендіреді. Бұл азаматтардың көптеген қылмыстан өзін-өзі тыюын күшейтеді, абайсызда немесе қасақана жасалатын көптеген қылмыстардың алдын алады. Сот процесімен шектеліп қана қоймай, басқада қызметкерлермен ашық түрде жұмыс жасау. Қосымша бағдарлама құру, үлкен семинарлар өткізу, кәсіби заңгерлермен алдын алуды өткізу тағы да сондай секілді мүмкіндіктерді көбейту. Осылардың барлығы әділет органдарының күн тәртібінде, жоспарында болса, тиісінше қаржы бөлініп, жұмыс жасалуы шынайы болса орынды болушы-еді. Қазіргі кезеңде практика жүзінде әлі де туындайтын сұрақтар көп және бұл сол жұмыстардың тиімділігіне қатысты. Біз ұсынатын жасалуы қажет маңызды әрекеттің бірі - заңдық көмек беретін арнаулы қосымшалар. Өз құқығын қорғауға арналған онлайн, азаматтарға қызмет көрсету қосымшасын дамыту ұсынылады. Оған арнайы арналған, тек заң тұрғысын қарастыратын әркімнің тұрған жағдайына қарай міндеттері мен құқығын толық түсіндіре алатын жасанды интеллект қосып, барлық электронды құрылғыларда, яғни e.gov.kz, Әділет министрлігінің ресми сайтында толыққанды түсіндірсе деген ниет бар. Бұл өз алдына азаматтар арасында заңды түсінбеу және де оған қарсы шығу әрекетін азайту, оның үстіне кез келген жастағы адамдар арасындағы құқықтық нигилизмнің алдын алуға мүмкіндік беруші еді.

Қазіргі таңда орта жастағы азаматтардың құқықтық сауаттылығы негіздері Қазақстан тәуелсіздігінің алғашқы кезеңінде қалыптасты. Бұл кезең экономика мен заңнаманың өтпелі уақытына, нарықтық экономиканың қатаң капиталистік заңдарына шұғыл бейімделумен, ауыр әлеуметтік сілкіністермен, қылмыс деңгейінің артуымен және қоғамның аса байлар мен кедейлерге әлеуметтік жіктелуімен сипатталды. Осының бәрі қоғамда радикалды құқықтық нигилизмнің дамуына әкелді. Бұл нигилизм адамның санасында жылдам баюға деген құштарлықтан басқа құндылықтарды елемеуге, оларды жоққа шығаруға негіз болды.

Жалпы, құқықтық сауаттылық қай елде тұратынына қарамастан, әрбір азамат үшін маңызды дағды екенін тағы да атап өткім келеді. Бұл әркім заңгер болуы керек дегенді білдірмейді, бірақ заңдар, құқықтар мен міндеттер туралы қарапайым түсінік адамдарға күнделікті өмірде үлкен көмегін тигізеді [9].

Қазақстан Республикасында, азаматтардың құқықтық сауаттылық деңгейі, менің көзқарасым бойынша орташа. Соны жетілдіруге құқықтық білім беруді, құқықтық тәрбиені қалыптастыруды, «құқықты үйренсем, өзім үшін үйренемін» деген сананы қалыптастыруды ұсынуға болады. Сауатты азаматтар заңдарды сақтау, құқықтар мен бостандықтарды қорғау қажеттілігін сөзсіз түсінеді және өзіндік әрекетінің эталонына айналдырады. Құқықтық сауаттылық азаматтарға заңдарды түсінуге және сақтауға көмектеседі, бұл қылмыс пен құқық бұзушылықты азайтады. Адамдар өз құқықтарын білетін болса, олар қиянат пен әділетсіздіктен жақсы қорғалады және оларды қорғауға қабілетті болады. Сондай-ақ, құқықтық санаға ғана көңіл бөлмей, құқықтық мәдениетті де дамыту қажет. Азаматтар, заң ғалымдары, прокурор, сот тағы да басқа құқықтық сауатты тұлғалардың өз өкілеттілігін дұрыс пайдалануы қажет. Кей жағдайларда адамдар өз мүмкіндіктерін шектен тыс пайдаланады. Бұл, құқықтық мәдениеттің төменділігін

көрсетеді. Сондықтан, азаматтар арасындағы құқықтық сауаттылықты толығымен дамыту үшін, жалпы ауқымды іс-шаралар кешені қажет.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі:

1 Байжанова К.Т. Мемлекет және құқық теориясы. – Қарағанды: Болашақ-Баспа, 2004. – 99 б.

2 Жангирова Д. Құқықтық сауатты артыруға мемлекеттік бағдарлама керек! <https://abai.kz/post/188322>

3 Шакирова А.Б., Лавничак А., Весельская Н.Р. Білім беру ортасында адам құқықтарын жүзеге асыруды нормативтік-құқықтық реттеу // Қарағанды университетінің жаршысы. – 2022. – №4(108). – Б.49.

4 Заң үстемдігі индексі. Жалпы индекстік ұпайы <https://worldjusticeproject.org/rule-of-law-index/global>

5 World Justice Project жаңа есебі жарияланды: Қазақстан Заң үстемдігі индексында көрсеткішін жақсартты <https://www.gov.kz/memleket/entities/adilet/press/news/details/870255>

6 Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылы 30 тамызда қабылданған // [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_)

7 Бакиров Д.Ә., Мырзатаев Н.Д. Қазақстандық құқықтық менталитет және құқықтық нигилизм // Қарағанды университетінің жаршысы. – 2024. – №29(113).

8 Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_)

9 Бейсен Смайылұлы: Құқықтық сауаттылық - әлеуметтік тұрақтылық кепілі! // <https://abai.kz/post/188253>

*Серік А.Н.*

*Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті заң факультеті*

*Ю-24-1к тобының студенті*

*(Ғылыми жетекшісі – з.ғ.м., аға оқытушы Байжанова Гулзира Төлепбергенқызы)*

## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢДЕГІ ҚЫЗМЕТІНІҢ БАСТЫ БАҒЫТТАРЫ ТУРАЛЫ**

Қоғам бір сатыда тоқтап қалмайды. Ол үздіксіз даму үстінде болады. Дамудың нәтижесі ретінде пайда болатын, адамзат қауымдастығының ең жоғарғы нысаны – мемлекет. Мемлекет жалпы әлеуметтік мәселелерді шешуге арналған, әртүрлі таптардан құралған қоғамның жетілген сатысы. Билік тармақтарының және өзге де мемлекет механизміне кіретін құрамдас бөліктерінің бірлесе жұмыс істеу нәтижесінде мемлекет қызметі (функция) пайда болады. Мемлекет қызметі – мемлекеттің қоғамдағы орнын, мәнін, мағынасын анықтайтын әрекетінің басты бағыттары. Ол әртүрлі салада жүзеге асады.

Алдымен, мемлекеттің экономикалық қызметіне тоқталуды жөн көрдік. Қазақстан экономикасы абсолютті түрде де, жан басына шаққанда да Орталық Азиядағы ең ірі экономика болып табылады. Қазақстанда меншік нысандары заң тұрғысынан қорғалады, жеке меншік және мемлекеттік меншік танылады [1]. Еліміздің экономикалық қызметі, шындығына келгенде, қоғам мүшелерін толық қанағаттандыратын деңгейде даму үстінде деп сеніммен айта алмаймыз. Оның бір бағыты дамуды білдірсе, екіншісін әлі игере алмай жатырмыз. Қазақстан экономикасы әлі күнге дейін тұрақтандырылмаған, әлемдік сын-қауіптерге толық төтеп бере алмауда. Қазақстан мұнай мен металлдың шикізат көзі болып отыр, осы байлықтан кем дегенде 60000 астам өнім өндіріледі. Бұл өндірістер халықтың күнделікті тұрмысына ауадай қажет. Мәселен, қазіргі өмірді пластик ыдыстарсыз, құрылысты – пластик есік-терезесіз, құбырсыз елестету қиын. Медицинада да, косметикада